

Қашықтықтан музыкалық білім беруді ұйымдастыру

2019-2020 оқу жылының төртінші тоқсанынан бастап қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу – мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар үшін де әр түрлі сипаттағы қиындықтар, сұрақтар мен мәселелер туғызды.

Осы орайда, музыка пәні мұғалімдеріне де «Музыканы қашықтықтан қалай тиімді оқытуға болады?» деген сұрақтар туындай бастады.

Қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы

Оқушылар арасында білім беруді оңтайлы ұйымдастыру қашықтықтан оқытудың төмендегідей нұсқалары бар:

- мамандандырылған білім беру ұйымдарында арнайы платформаларды қолдана отырып оқыту;
- вебинарлар мен бейнеконференцияларды ұйымдастыру;
- Google қызметтерін пайдалану арқылы оқыту;

- әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді қолдану арқылы оқыту (WhatsApp, Viber, Facebook Messenger, Skype және т.б.

Қашықтықтан оқытуды синхронды режимде ұйымдастыру үшін ұсынылған платформа <https://zoom.us>. Аталған платформада нақты уақыт режимінде вебинар сабақтарын, бейнеконференцияларды өткізу, презентацияларды, аудио және бейнематериалдарды көрсету, чат жүргізу, білім алушылардың сұрақ қоюы және жауап алу мүмкіндігі де қарастырылған.

Бейнеконференция арқылы бүкіл топты жинап, түсіндіруге болады. Теориялық материал, викторина өткізу, оның ішінде музыкалық презентацияны көрсету, барлық білім алушылармен сұхбаттасу және т.б. мүмкіндіктері бар.

Ал, мессенджер - бұл смартфонға арналған бағдарлама немесе бірден мүмкіндік беретін дербес компьютер, мәтіндік хабар алмасу, телефонда бейне қоңырауды қолдана отырып қоңырау шалу немесе сөйлесу.

Бүгінгі таңда ең танымал мессенджерлер - WhatsApp, Viber, Facebook Messenger, Skype, ICQ, Google Hangouts.

Онлайн сабақ өткізу – педагог үшін үлкен жұмысты талап етеді. Оқушылармен кері байланысты ұйымдастыру, оқушылардың үй тапсырмаларын мерзімінде орындауы және жіберуі өте маңызды. Практикалық жұмыстың көп бөлігі оқушылардың мұғалім жіберген сілтемелер бойынша дербес орындаған жұмыстары ата-аналар үшін үлкен жауапкершілік пен сабырлылықты талап етеді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары үшін қиынырақ. Сондықтан, музыка мұғалімі басынан бастап ата-аналармен қарым-қатынасты және байланысты дұрыс орнату, қажет болған жағдайда белгілі бір тапсырмаларды орындау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу [1].

ҚР мектептері үшін оңтайлы білім беру платформасы – BilimLand. BilimLand – бұл электрондық оқыту бойынша әлем көшбасшыларының алдыңғы қатарлы жетістіктері негізінде жасалған цифрлық білім беру платформасы. Бұл – заманауи білім беру контентінің ірі сандық кітапханасы, қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде барлық пәндерді қамтыған 30 мыңға жуық электрондық

сабақ, тренажер, интерактивтік жаттығулар, оқытуға арналған видео, анимациялық фильмдермен қамтылған жиынтық.

Қызықты электрондық сабақтар балаларға мектепке дайындалуға көмектеседі әрі бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылықтарын оятады. Сондай-ақ, музыка пәні бойынша шығармаларды тыңдап, ең қиын тақырыптарды қарапайым және қолжетімді тәсілмен түсіндіре отырып, барлық сынып оқушылары үшін таптырмас көмекші құрал болып табылады. Цифрлық оқыту ресурстарына шектеусіз әрі тегін қолжетімділік – білім берудің сапасын арттыруға бағытталған жақсы бастама [2].

Әдебиеттер:

1. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
2. <http://edunews.kz/lentnews/1093-azastanda-bilimland-platformasyny-cifrlly-blm-beru-resurstary-tegn-olzhetmd-boldy.html>